

**ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАР КЕН ОРЫНДАРЫН (ЖЕР ҚОЙНАУЛАРЫН),
СОНДАЙ-АҚ ТЕХНОГЕНДІ КЕН ОРЫНДАРЫН ПАЙДАЛАНУМЕН
ШҰҒЫЛДАНАТЫН МЕМЛЕКЕТТІК МЕНШІК ОБЪЕКТІЛЕРІН
БАСҚАРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ**

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
14 наурыз 1994 ж. N 269. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411
Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасында Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді: Пайдалы қазбалардың кен орындарын (жер қойнауларын), сондай-ақ техногенді кен орындарын пайдаланумен шұғылданатын мемлекеттік меншік объектілерін басқарудың ерекшеліктері туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін. Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 14 наурыздағы N 269 қаулысымен Бекітілген Пайдалы қазбалар кен орындарын (жер қойнауларын), сондай-ақ техногенді кен орындарын пайдаланумен шұғылданатын мемлекеттік меншік объектілерін басқарудың ерекшеліктері туралы Ереже I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады және пайдалы қазбаларды қазумен, соның ішінде жұмысы тоқтатылған мұнай мен газ кен орындарын қайталап пайдаланумен, сондай-ақ баруы қиын аудандардағы ұсақ кеніштерді пайдаланумен байланысты барлық ұйымдық құрылымдар (бұдан әрі текст бойынша - заңды ұйым) мен нақты адамдар бағыныстылығына қарамастан басшылыққа алуға міндетті.

2. Пайдалы қазбаларды қазу жөніндегі барлық жұмыстарды заңды ұйым мен нақты адам тек кәсіпорынға немесе жеке адамға Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес берілген кен және жер бөліністері шегінде арнаулы рұқсат-лицензиялар бойынша және белгіленген тәртіппен бекітілген жобаларға қатаң түрде сәйкес атқарады. Объектілерді басқару конкурс негізінде контракт жасау жолымен жүзеге асырылады.

3. Объектіні басқаруға контракт жасасу үміткерден объект жөніндегі белгілі бір шарттарды орындау талап етілген кезде мемлекеттің иелену, басқару және

пайдалану құқығын нақты адам мен заңды ұйымға беруінің әдісі болып
т а б ы л а д ы .

Контракт жасасылған нақты адам немесе заңды ұйым мынадай негізгі
т а л а п т а р д ы о р ы н д а у ғ а :

өндірістің бағытын, шығарылатын өнімнің көлемін белгілі бір деңгейде
с а қ т а у ғ а ;

контрактта белгіленген жұмыс орнының санын сақтауға тиіс.

Әрбір нақты жағдайда объектінің ерекшеліктеріне талаптардың өзгеруі және
т о л ы қ т ы р ы л у ы м ү м к і н .

4. Конкурс - объектіні басқаруға қатысушылар арасынан комиссияның
пікірінше ең таңдаулы үміткерді баламалы негізде іріктеу тәсілі.

5. Конкурсстардың жабық және ашық болуы мүмкін. Ашық конкурстарға тілек
білдірген нақты адамдар мен заңды ұйымдар қатыстырылады. Жабық
конкурстарға нақты адамдардың комиссия белгілеген шектеулі саны
ш а қ ы р ы л а д ы .

6. Конкурс процедурасы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 20 шілдедегі N 633 қаулысымен бекітілген "Кәсіпорынды (объектіні)
басқаруға контракт жасасу жөніндегі конкурс туралы ережеге" сәйкес жүзеге
а с ы р ы л а д ы .

II. Бастапқы деректерді әзірлеу

7. Бірінші кезеңде конкурсқа шығарылуға тиісті объекті таңдап алынады және
оның экономикалық, қаржы, технологиялық жайына талдау жасалады. Сонымен
бірге мына мәселелер бойынша егжей-тегжейлі мәлімет беру қажет:

Кен орнының кен-геологиялық және кен-техникалық сипаттамасы,
кәсіпорынның құрылымы, шығарылатын өнім, кәсіпорынның жекелеген
құрылымдық бөліктерінің пайдалы немесе шығынмен жұмыс істеуі;

шығарылатын өнім номенклатурасы, өнім Қазақстанда, ТМД-да және алыс
шетелде сұраныс таба ма, экспортталатын өнімнің экспорт мүмкіндіктері мен
к ө л е м і ;

банк қарызы және басқа кәсіпорындармен өзара берешегі, сот талабының
б а р - ж о ғ ы ;

технологиялық жабдықтар, оның типтік стандарттарға сәйкестігі, ескірген
ж а б д ы қ т ы ң б а р - ж о ғ ы ;

кеніштерді қайталап пайдалану, шикізат базасын ұлғайту, үйінділерді қайта
өңдеу мүмкіндіктері (бағалау) және мұнай мен газды қосымша шығару үшін
үстемені үдетудің қайталама әдістерінің мүмкіндіктері қандай;
жөндеу қызметтерінің жайы, экологиялық проблемалар;

кәсіпорын қызметкерлерін, соның ішінде басшы буынды даярлау деңгейі; өндіріске жұмсалатын шығын, республика, ТМД елдері мен алыс шетелдің нарықтарындағы өнімнің бәсекелесу қабілеті;

объектінің жұмыс істеуіне ықпал жасайтын, шикізат сатып алуға бөлінетін субсидияның, дотацияның мөлшері және энергиямен жабдықтауға жасалатын жеңілдіктер. 8. Кәсіпорынның мүлкі Қазақстан Республикасы Меммүліккомының 1993 жылғы 29 қазандағы N 3/82 қаулысымен бекітілген әдістемелік нұсқауларға сәйкес бағаланады. 9. Жұмыс қорытындылары бойынша жұмыс комиссиясы алдын-ала шешімдер, соның ішінде: объектіні қорғау (алдын-ала) мақсатында қайта құру мүмкіндігі (қажеттігі); ескірген активтерді жабу немесе жою; штатты қысқарту; қарыздарды алып тастау немесе оларды акцияларға көшіру; кәсіпорынды құрылымдық жағынан қайта құру; қоғамдық қорларды бөлу; қоғамдық қорларға иелік етудің орындылығы (жұмысшы асханаларын, бөлшек сауданың ішкі дүкендерін, демалыс үйлерін және басқа әлеуметтік объектілерді шағын жекешелендіру шеңберінде аукциондарда сату, ведомстволық тұрғын үйді жекешелендіру);

кен орнын қазу үшін жер учаскесін белгіленген тәртіппен пайдалану құқығын беру енгізілетін шешімдер әзірлейді.

III. Объектіні басқаруға контракт жасасу

10. Объектіні басқаруға жасалған контракт үш дана етіп толтырылады, олардың заңдық күші бірдей болады.

Шығыммен жұмыс істейтін, жұмысшыларының саны 5 мыңға дейінгі акционерлік қоғамдар үшін акциялар былайша бөлінуі мүмкін: резервтік қор акцияларының 39 процентінің 51 проценті сатып алушыға тегін, ал акциялардың 49 проценті қаржы қарызының 5 жыл ішінде өтелуін ескере отырып номиналдық қ ұ н ы б о й ы н ш а б е р і л е д і .

Басқа объектілер үшін аларманға резервтік қор акцияларын сатып алуға қатысты бөлігінде жеңілдіктер берілуі немесе жылдық қызмет нәтижелері бойынша таза кірістен дивидендтер төленуі мүмкін. Объекті кәсіпорынның немесе ұйымның құрамынан бөлініп шыққан жағдайда мүлік пен технологиялық жабдық акті бойынша беріледі. Комиссияның осы және басқа да шешімдері контракттың ерекше шарттарына енгізіледі.

11. Мемлекеттік кәсіпорынды (объектіні) басқару құқығын қабылдау-беру актісі контрактінің құрамдас бөлігі болып табылады.

12. Жеңімпаз контракт жасасудан бас тартқан жағдайда: ашық конкурс жағдайында объектіні басқару құқығын екінші нәтиже көрсеткен қ а т ы с у ш ы а л а д ы ;

жабық конкурс жағдайында екінші нәтиже көрсеткен үміткер жеңімпаз деп жарияланады. Екі жағдайда да қорытынды хаттамаға тиісті өзгертулер енгізіледі.

IV. Дауларды шешу

Кәсіпорынды басқару құқығы конкурстық негізде контракт бойынша берілген жағдайда пайда болатын дауларды сот қарайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК